

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
PHILOLOGY Series
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

№1(130)/2020

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020
Nur-Sultan, 2020
Нур-Султан, 2020

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бахтикереева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д. проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сатенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тұрысбек Рахымжан	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұрстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковски Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: **Гүлсім Базылхан**

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: vest_phil@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,
тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doktor of philology, Academician NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkunbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doktor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doktor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Aimukhambet Zhanat	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doktor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Can. of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doktor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Guljanat	Doktor of philology, Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henruk Jankowski	Doktor of philology, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doktor of philology, Academician NAS RK, (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doktor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doktor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doktor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doktor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	Doktor of philology, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharip Amantai	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Turysbek Rakymzhan	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakykov Zhantas	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yergeniya	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Executive Secretary, Computer layout: **Gulsim Bazylkhan**

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: vest_phil@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор: **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора: **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскер оглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Ақматалиев Абдылдажан	д.ф.н, проф. (Киргизстан)
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Бахтикереева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., доцент (Казахстан)
Бижкенова Айгүл	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. (Турция)
Каскабасов Сеит	д.ф.н., академик НАН РК (Казахстан)
Негимов Серік	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н. проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Турысбек Рахымжан	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортстан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковски Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: Гульсим Базылхан

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: vest_phil@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27. 03. 2018 г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 25 экземпляров.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

© **Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

Мазмұны

ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

<i>Балтымова М.Р.</i> Қазақ балалар фольклорының жанрлық жіктелімі	8-14
<i>Ғалымжанов Б.Ғ.</i> Мәшһүр Жүсіп мұрасы – Ұлы дала елінің құндылықтары	15-20
<i>Жүнісова М.Қ.</i> Әңгіме жанры мәтінінің бастапқы және соңғы сөйлемдеріндегі көркемдік тәсілдер	21-28
<i>Жұмағұл С.Б., Қайралапов Н.М.</i> Көне түркі жазба ескерткіштерінің жанры және Құлмат Өмірәлиев зерттеулері	29-36
<i>Карипжанова Г.Т., Абикенова Г.Т., Салиқжанова Ш.Б.</i> Қазақ поэзиясындағы «Ауыл» бейнесі	37-44
<i>Личман Е. Ю.</i> Ұлттық дүниетаным контекстіндегі қазақстандық әдебиетшілер мен кескіндемешілер шығармаларының көркем кеңістігі	45-53
<i>Нурманова Ж.К., Жапанова М.Е.</i> Салыстырмалы әдебиеттану аспектісіндегі экрандау мәселесі туралы	54-61
<i>Өтеш Ж.Ә., Мырзахметұлы М.</i> Деректі әскери прозаның жасалу ерекшеліктері (А.Бектің «Арпалыс» романының негізінде)	62-68

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

<i>Аймолдина Ә., Ақынова Д.</i> Қазақ тілді іскери дискурс: мәні және лингвистикалық ерекшеліктері	69-76
<i>Гируцкий А.А., Амалбекова М.Б.</i> Қазіргі қазақ прозасының дискурстық кеңістігіндегі ландшафттық лексика: лингвостилистикалық аспект («Қазіргі қазақ прозасының антологиясы» материалына негізделген)	77-89
<i>Жақыпов Ж.А.</i> Қазақ көне эпосындағы аң тілдік таңбасы	90-98
<i>Жарқынбекова Ш.Қ., Сейтханова А.Н.</i> Нұр-Сұлтан қаласының лингвистикалық ландшафтындағы тілдік өзгерулер	99-111
<i>Мұсағалиева Б.Е., Аханов Е.А.</i> Машиналық аударма жүйелерінің нәтижелілігін бағалау әдістері	112-124
<i>Сүлейменова З.Е., Уматова Ж.М.</i> «Куан, freuen(sich), ызалан, entruersten(sich)» лексика-семантикалық өрістерінің ядросы мен перифериясы	125-130

Contents

FOLKLORE AND LITERARY STUDIES

<i>Baltymova M.R.</i> Genre classifications of Kazakh children's folklore	8-14
<i>Galymzhanov B.G.</i> The legacy of the famous Mashkur Zhussup is a value of the Great Steppe	15-20
<i>Zhunusova M. K.</i> Artistic techniques in the beginning and last sentences of the text of the story genre	21-28
<i>Zhumagul S.B., Kairalapov N.M.</i> Ancient Turkic written monuments genre and Kulmat Omiraliev's research	29-36
<i>Karipzhanova G.T., Abikenova G.T., Salikzhanova Sh.B.</i> The image of «Village» in Kazakh poetry	37-44
<i>Lichman E. Yu.</i> The artistic space of Kazakh writers and painters works in the context of national worldview	45-53
<i>Nurmanova Zh.K., Zhapanova M.E.</i> The problem of screening in the aspect of comparative literature	54-61
<i>Otesh Zh.A., Myrzakhmetuly M.</i> Features of creation of documentary and military prose (based on the novel by A. Beck «Volokolamsk highway»)	62-68

LINGUISTICS AND METHODICS

<i>Aimoldina A., Akynova D.</i> Kazakh-Language Business Discourse: Nature and Linguistic Features	69-76
<i>Hirutski A.A., Amalbekova M.B.</i> Landscape vocabulary in the discursive space of modern Kazakh prose: The lingual-stylistic aspect (based on the material «Anthology of modern Kazakh prose»)	77-89
<i>Zhakupov Zh.A.</i> The language sign an in the Kazakh Ancient Epos	90-98
<i>Zharkynbekova Sh.K., Seitkhanova A.N.</i> Linguistic transformations in the linguistic landscape of Nur-Sultan	99-111
<i>Mussagaliyeva B.Y., Akhapov E.A.</i> Methods for evaluating the effectiveness of machine translation systems	112-124
<i>Suleimenova Z., Umatova Zh.</i> The core and periphery of the lexical-semantic fields 'қуан, freuen (sich)– ызалан, entrüsten (sich) in the Kazakh and German languages	125-130

Содержание

ФОЛЬКЛОР И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

<i>Балтымова М.Р.</i> Жанровые классификации казахского детского фольклора	8-14
<i>Галымжанов Б.Г.</i> Наследие Машхура Жусупа – ценности страны Великой степи	15-20
<i>Жунусова М.К.</i> Художественные приемы в начальном и конечном предложениях текста жанра рассказа	21-28
<i>Жумагул С.Б., Кайралапов Н.М.</i> Жанр древнетюркских письменных памятников и исследование Кулмата Омиралиева	29-36
<i>Карипжанова Г.Т., Абикенова Г.Т., Саликжанова Ш.Б.</i> Образ «Аула» в казахской поэзии	37-44
<i>Личман Е.Ю.</i> Художественное пространство произведений казахстанских литераторов и живописцев в контексте национального мировоззрения	45-53
<i>Нурманова Ж.К., Жапанова М.Е.</i> К вопросу об экранизациях в аспекте сравнительного литературоведения	54-61
<i>Отеш Ж.А., Мырзахметулы М.</i> Особенности создания документально-военной прозы (на основе романа А. Бека «Волоколамское шоссе»)	62-68

ЛИНГВИСТИКА И МЕТОДИКА

<i>Аймолдина А., Акынова Д.</i> Казахоязычный деловой дискурс: сущность и лингвистические особенности	69-76
<i>Гируцкий А.А., Амалбекова М.Б.</i> Ландшафтная лексика в дискурсивном пространстве современной казахской прозы: лингвостилистический аспект (на материале «Антологии современной казахской прозы»)	77-89
<i>Жакупов Ж.А.</i> Языковой знак аҗ в жанре древнего эпоса	90-98
<i>Жаркынбекова Ш.К., Сейтханова А.Н.</i> Языковые трансформации в лингвистическом ландшафте г. Нур-Султан	99-111
<i>Мусагалиева Б.Е., Ахапов Е.А.</i> Методы оценки эффективности систем машинного перевода	112-124
<i>Сулейменова З.Е., Уматова Ж.М.</i> Ядро и периферия лексико-семантических полей ‘куан, freuen(sich), ызалан, entruesten(sich)’ в казахском и немецком языках	125-130

XFTAP 16.21.33

Г.Т. Карипжанова¹, Г.Т. Абикенова², Ш.Б. Саликжанова³

¹«Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан

³Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: ¹adon70@mail.ru, ²Abikenova-qt@mail.ru, ³akbulak07@mail.ru)

Қазақ поэзиясындағы «Ауыл» бейнесі

Аннотация. Қазақ ұлттық концептосферасындағы базалық концептінің бірі – «ауыл» қаламгерлердің дүниетанымында ұлттық болмыс, ділдің тікелей көрінісі ретінде түрлі тілдік бірліктермен танылады. Ауыл концепті жалпыұлттық құндылықтарды таныта алатындықтан, «қала» концептісіне контраст жұп ретінде поэзияда жиі қолданылады. Көркем мәтіннің концептуалды-мазмұндық ақпараты үшін аса маңызды бұл контраст концепт ұлт менталитетіндегі өзгерістер динамикасын таныта алатынын түрлі кезеңде шығармашылықпен айналысқан қазақ ақындарының өлеңдері арқылы көрсетеді.

Түйін сөздер: концепт, контраст, концептосфера, когнитивтік лингвистика, семантикалық өріс, ассоциациялық өріс, парадигматика, синтагматика.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-130-1-37-44>

Түсті: 18.11.19 / **Қайта түзетілді:** 02.03.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 30.03.20

Тілдің когнитивтік құрылымында концептілердің алатын орны ерекше. Себебі семантикалық және ассоциациялық өріс құруы концептілер жүйесі арқылы көрініс табады. Ал концепт пен мағына арақатынасы семантикалық талдау мен концептуалдық талдау арқылы айқындалады. Ұғым (мағына) белгілі бір тілде сөйлейтіндерге таныс болуы мүмкін, бірақ концепт белгілі бір мәдениетті ұстанатын ортаға ғана таныс бола алады. Өйткені «аялық білімнің» [1, 59 б.] болуын қажет етеді. «Ауыл» концептісі кез келген ұлттың дүниетанымында негізгі рөл атқаратыны белгілі. Себебі адам баласы үшін туылған, өсіп-өнген, ұрпақ жайған, атақоныс ақ мекенінен, ағайын-туыс, бауырларымен бірге тұрақтаған жерінен артық жер болмайды. Қазақ халқы үшін «ауыл» ұғымының қанша қадірлі, ыстық екенін поэтикалық туындылардан көруімізге болады. Осы ұғымды танытуда оның ядролық концептісін және оны толықтырып тұрушы, мазмұнын байытатын «толықтырушы» [1, 107 б.] концептілерді ақын-жырауларымыздың шығармашылығынан кездестіреміз. «Қазақ үшін дала халықтың бітім-болмысын, ұлттық рухты танытатындықтан, оның дүниетанымында, лексикасында даланы сипаттайтын, онымен ассоциацияланатын тілдік бірліктердің де мол болуы заңды. Ал сол даланың перзенті – ақын-жазушылардың көркем мәтіндерінде тілдік құралдар күрделі ойды ашатын тақырыпқа сай таңдалып, іріктеліп алынады. Олар негізгі ойды беретін бір немесе бірнеше сөздің лексика-семантикалық парадигматикасы, синтагматикасы арқылы мәтіндегі ойды жылжытып, оқиғаны сипаттап, дамытып отырады. Туындының тілдік қабатын ұйымдастырушы автор мұндай сөздермен өзінің субъективті көзқарасын да білдіріп отырады» [2, 11 б.],- дейді ғалым А. Әділова. «Ауыл» концептісінің қазақ поэзиясындағы берілу сипатына назар аударсақ, бұрынғы кеңес дәуіріндегі поэзияда ауылды аңсау, қаладан безіну секілді өлеңдер көп кездеспейтін. Ал қазіргі поэзияда аға буын ақындар да, кейінгі жастар поэзиясында да осындай сарын жиі кездеседі. Мысалы, Саят Қамшыгердің «Ауылға барам» өлеңінде:

Қажытты тірлік!

Қолды бір сілтеп кетсем бе екен ауылға?

Жолаушыдаймын қалған бір сұмдық дауылда.
Тек күйбең тірлік, өлеңді ойлар шама жоқ,
Бұл жақта жүріп барады өшіп дарын да...

Бүлінген үйлер,
Болса да ауыл «кұрыған»,
Бөрі – жүрегім сол жақты аңсап ұлыған.
Қаланың шулы тірлігін тастап талақ қып,
Ауылға барам, сол жақта менің құбылам! [3, 35 б.].

Бұл өлеңдегі лирикалық кейіпкердің қиналысы «қажытты» деген сөзден байқалады. Қаладан безінуін «шулы тірлік», «күйбің тірлік» сөздері айқындайды. Қаланың «сұмдық дауыл» деп берілуі, қаланы «талақ қылу» т.б. қолданыстар жағымсыз реңде танытқандай. Жүректі бөріге ұқсатып, метафора тәсілімен шулы тірлік ортасында өзін жалғыз сезінетінін бейнелейді. «Талақ қылу» – діни ұғым бойынша әйелінен ажырасу, некені бұзу. Қазақ тұрмысына тән ұлттық өрнекті көреміз.

Саят «Досым келді» өлеңінде ауыл туралы ұғымды достықпен бірге ұғынады:

Досым келді ауылдан,
бұл – жаңалық,
Менің жаным қалада жүр қамалып.
Жаймашуақ күн сынды көктем келді,
айналасын жап-жарық нұрға малып.

«Ауыл» концептісі қазіргі қазақ поэзиясында ойсурет типінде объективтенген. Жақсы көру, сағыну т.б. сезім стереотипті ассоциациялар негізінде пайда болған ойсурет, яғни ауыл-әже, жайлаудағы жусан, бұлақ, сағым, құшағын жайған ана, т.б. Досының ауылдан келуі, қыстан кейін келетін көктем шуағы. Ауыл, дос, көктем, балалық шақ – барлығы біріне-бірі жақын ұғымдар. «Менің жаным қалада жүр қамалып» деген жол лирикалық кейіпкердің қала тіршілігіне көндіге алмаған кейпін танытады. Лирикалық кейіпкердің шын, адал досының болғанының өзі – бақыт. Кейіпкер досы арқылы ауылының суретін көргендей, Алматыда ауылдың лебі ескендей, балалық шағымен қайта қауышқандай әсерде қалады.

Бұрынғыдай кәукілдесіп,
Бірге ауылға бармаймыз,
Есімде деп өзімізді,
Өзгені де алдаймыз
Балық қуып жағалауда
Жалаң аяқ жүгірген,
Табаныңды құм күйдіріп,
Төбемізден күн күлген
Түтіндері түзу ұшқан,
Айналайын ауылым,
Жер бетінен сендей жұмақ,
Мүмкін емес табуым.

Көркем мәтіннен ауылды аңсау, сағыну, өзгерту сияқты ойлар берілгенін аңғарамыз. Назерке Рамазанқызы «Ел көшті» өлеңінде :

Ел көшті бауырынан боз даланың,
Жабырқаған жүректің қозғап әнін.
Қызығы қызды ауылдың естілмейді,
Қайнаған қайда кеткен қан базары?
Ауылдан аударыла көшіпті елім,
Қараша үйдің қаңырап есік - төрі.

Қонғаны көшкен елдің қала болды,
Қала көрген көңілім ала болды [4, 12 б.].

Бұл туындыда да ауылдан еріксіз көшкен жанның сезімі «көңілінің ала болуы» арқылы өрілген.

Ауыл - әже бұлғайды ақ жаулығын,
Бақ тілеп бауырынан қашқан ұлға.
Қайырылып бір құлыным келер ме деп,
Ауыл –әже аңдиды қара жолды.
Қарайып қара жұртта тұлдыр басы,
Тірліктің тас бауыры тоңдырғасын,
Келеді көшіп әне ауыл - әже,
Қала - келін...көңілін қалдырмашы [4,12 б.].

«Ауыл» – концептісі бірнеше фрейммен танылған. Ауыл-әже, қала-келін, ауыл-көк майса, кең дала, ауыл-ана, ауыл-баласыз қалған ана т.б. ақынның танымдық моделінде бұл концепт және оның өзгеру динамикасы теңеу, эпитет, метафоралар арқылы берілген: Қарайып қара жұртта тұлдыр басы // Тірліктің тас бауыры тоңдырғасын. М. Мақатаевқа «ұят болды-ау» дегізген ауылдан қалаға көшу, енді ауылда қалған қарттардың ұрпағының артынан ауылды қимай, қалаға қоныс аударуы сипатталады. Ауыл халқына тән жайсаңдық, жомарттық, ашықтық, кеңдік және досына адалдық, ар-намысты жоғары қою, рухани әлемінің байлығы, адамзатқа мейіріммен қарау, ақ көңілділік, уәдеге берік болу, т.б. ұлттық қасиеттер кең далада еркін өскен әр қазаққа тән мінез екендігі поэзия тілінде көрініс тапқан. Мысалы, ақын С. Қамшыгердің «Ауыл» өлеңінде ауылдың қадір-қасиеті түгел сипатталады: Ел қадірін білмеген бар, білген бар.//Ауылды айтсам төгіледі тілден бал. Шет жүргенде алақандай ауылдың //Түтінін де сағынатын күндер бар. Ауыл десем көз алдыма жусан кеп, // Кең пейілді нар тұлғалар елестер. Сағынышпен ауырғанда елге кеп, // көк майсаға аунап тұрсам айығам. Туған ауыл әркімге де тым ыстық, // Ауылдардан жылыстама, ырыс, құт. Бірен-саран тентектері болмаса // Ауыл деген – мамыражай тыныштық [3, 69 бет]! Лирикалық кейіпкер үшін ауылы оның жүрегінен үлкен орын алады. Ауыл –өмірінің маңызды бір бөлшегі. Ауылдың түтіні ол үшін барлық жұпар иістен қымбат. Ауылда кең пейілді нар тұлғалар бар, ауыл оған қуат береді, ауылға деген сағыныштан көк майсаға аунаса, айығады. Ауылдың өмір бойы ырыс-құттың, қазақылықтың ұйытқысы боп қала беруін тілейді. Бірақ урбанизациялану үдерісі кезінде бұлар біртіндеп өзгере бастағандығын қаланы суреттеген мәтіндердің көреміз. Ауыл мен қала тіршілігі бір-біріне қарама-қарсы алынған. Ауылға деген сағыныш, қаладағы тіршіліктен қажу, мейірімділікті аңсау т.б. арқылы беріледі. Қысса-дағы бағалары нарқыңның, Көздерінде белгісі бар жарқылдың // Жақсы-жайсаң бабалардың белгісі – Ауылда ғой сынықтары алтынның! Алла игі жақсыларды жақтаған, Айтып ауыл адамдарын мақтанам // Шіркін, қазақ аш отырып өздері, Қонағына бар дәмдісін сақтаған! Ауыл адамдары нарық қыспағына қарамай қазаққа тән асыл мінездерін сақтап қалған. Бұл ойды ақын «Көздерінде белгісі бар жарқылдың» деген бір ғана детальмен сәтті бере білген. Қала адамына қарағанда ауыл адамы өздері аш отырса да, қонағын құр қол жібермейді. Лирикалық кейіпкер дейміз бе, ақынның өзі дейміз бе, бәрібір үлкен қалада жүріп ауылын аңсауын қоя алмайды. Демек, ауылда туып-өскен адам үшін бұл сезім өмір бойы қалары түсінікті.

«Менің далам» өлеңінде туған жер, дала, ауыл – барлығы бір мағынада, дала парадигмасы ретінде қарастырылады:

Таусылмайтын бақ пен құты, ырысы,
Менің далам – кеңістіктің туысы.
Сыйғызатын сан ғасырлық тарихты,
Менің далам – далалардың ұлысы! [3, 67 б.].

Демек, әр халықтың даласының тарихы әр басқа, қазақ даласын тарих кітабы десе болғандай. Қазақ даласы мен бақ, құт, ырыс – бір ұғым. Қазақ елінің ұлттық менталитеті дала ұғымымен байланысты.

Алаңсыз-ақ жүрсе-дағы пейіште,
Бұл даланы аңсар тіпті періште.
Бабалардың Рухын егер сағынсаң,
Далаға бар, жусан алып иіске [3, 67 б.].

Жусан көптеген қазақ ақындарының өлеңдерінде ауыл, даламен бірге алынады. Жусан иісін қазақ ерекше қастерлейді.

Ей, даланың тағдырын көп кешкендер,
Дала ұлы мықты болып төске өрлер.
Ертегі деп ойлар, сірә, бұл жырды
Қалалардың асфальтында өскендер [3, 67 б.]!

Қалада өскендер даланың қадірін түсінбеуі мүмкін. Жастайынан қала түтіні емес, жусан иісін иіскеп өскен жан ғана дала сырын түсіне алады. Назерке Рамазанқызының өлеңінде:

Адамдары жайдары, жарқын көңіл,
Ұнатасың кәрісін, баласын да.
Жүгіріп қырға шықса ала таңда,
Барлық ауыл жатады алақанда.
Көлбеңдейді ақ жаулық үй алдынан,
Мені іздеген шай қойып жан апам ба?
Қарсы алады күлімдеп жеңгелерім,
Мінезімен оларға тең келер кім?
Жүгіреді әжелер жас келінше.

Қалада өмір сүру, ондағы күнделікті жанталас, уақыттың жетпеуі, жұмыс, шектелген аумақ, түрлі эмоциялар мен әсерлерді бақылау, жасыру, дәстүрлі мәдениеттің мегаполистегі тұрмыспен қабыспауы, көптеген жайттарға қатысты ұлттық көзқарастың жоғалуы қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан адамның мінез-құлқына әсер еткені анық. Кеңдік, жайсаңдық пен ашықтық, ақкөңілділік пен жомарттықтың жоғалып, бар нәрсені жоқ дейтін, басқа адамдарға аса бір сенімсіздікпен, қорқынышпен қарайтын, екі сөйлеушілік, көрсеқызарлық, қатыгездік, қайырымсыздық, өзімшілдік т.б. байқалуы да поэзияда аңғарылады. «Мұның бәрі бұрынғы қазақтың қанында, жанында бар қасиеттерден арылуға себеп болып отыр. Ұлттық дүниетанымдағы осындай өзгерістер нәтижесінде қазақ ақын-жазушыларының көркем мәтіндерінде даланы аңсау жиі көрініп, қала концептісі қаламгерлердің әлем бейнесінде индивидуалды түйсінуі, танымының репрезентациясы ретінде көп қатпарлы, көп мағыналы құрылым түрінде байқалады» [2]. Мысалы, ақын Н. Бәдіғұлдың поэзиясында Моп-момақан түлегі едік даланың, Жанымызда жоқ еді еш нала-мұң // Қалаға кеп, тағалы аттай тарпаңдап, Үйіріне сен осыра қарадың! Моп-момақан түлегі едік даланың, Жанымызда жоқ еді еш нала-мұң // Қалаға кеп, қағаз қажап жүйкені, Үйіріме мен қабарып қарадым [5, 12 б.]. Ал ақын Алмас Темірбай шумақтарында ауылға деген сағыныш беріліп қана қоймай, қала лирикалық қаһарманды ашуландырады. Кейіпкер тек қала тіршілігінен ғана емес, қаладағы сан түрлі кеңсе адамдарының паракорлық, жемқорлық, қағазбастылық, тағы басқа жағымсыз қылықтарынан қашып барады.

Алмас Темірбайдың «Ашу» өлеңінде тек қана ауылға деген жалаң сағыныш емес, қоғамдағы жағымсыз құбылыстар астасып берілген:

Елге кетем!
Ен далада қой бағам.
Елсіз жерде емін-еркін ойланам.

Ишкен асы ішімдіксіз тарамас,
Тәбеті – сау, қарыны – тоқ , араны – аш.
Атқамінер арсыздардың жанында
Атқосшы боп жүргендігім жарамас!
Кетем елге..
Жетер жаза басқаным.
Керегі жоқ туған жерден басқаның
Төбесіне көтереді Тауларым,
Маңдайымнан сүйіп менің Аспаным! [6, 34 б.].

Ақын әке орнына – тауды, ана орнына – аспанды алған. Баласын көкке көтеретін әке болса, маңдайдан сүйетін – ана».

Алмас Темірбайдың «Тәуелсіздік туралы мас ақынның монологы» өлеңінде :

Сол қалпында біздің елдің шалдары,
Сол қалпында шоқпыт-шоқпыт шалбары.
Адам болса, болды, әйтеуір, баласы,
Аман болса, болды, әйтеуір, малдары.
Ауыл, ауыл..
Айдалаға тасталған,
Жетім ұлдай әкесінен жас қалған.
Жарты әлемнің жинап алған жарығын,
Астанамыз көрініп тұр аспаннан... [6, 36 б.].

Мұнда ауыл мәселесінің әлі шешілмей жатқан тұстары барлығын аңғартады. Тоқ-саныншы жылдары ауылдың халі мүшкіл болғаны рас, қазір біршама ілгеріледі деп айта аламыз. Бірақ ауылдағы жұмыссыздық мәселесінің әлі шешілмеген жерлері бар. Мұндағы «шоқпыт-шоқпыт шалбарлар» зейнетақысын жеткізе алмай жүрген ауыл қарияларының тұрмысынан хабардар етеді. Бірақ ауыл қарттарына көп нәрсенің керегі жоқ – баласының адам болғаны, малдарының ұры-қарыдан аман болғаны маңызды.

Серік Сағынтайдың «Бұқпа өзені» өлеңінде қаладағы өзенді басқаша сипаттайды: Шулы шаһар астымен тынып ағып, Толқи алмай, ыңырсып, ыңыранып // Жатыр Бұқпа көктемде көсілместен, Тас қаланың бауырына бұғып алып. //Толқынымен толқыны табыса алмай, Кемел жұрттың көшімен жарыса алмай // Жатыр Бұқпа бұқпантай бір күй кешіп, Кеудесін құрт кеулеген кәрі шалдай // Жатыр Бұқпа лайланып, жаны ышқынып, Тас қаланың табанын ағыс қылып // Бұл қаланың ойнамас балалары, Қағаз қайық суға сап, жарыстырып // Жатыр Бұқпа тағдырға көніп, арып, Өкпесін өркениет тоңы қарып // Түсіне енеді әркез қабақтарда, Кепкен мұжық кемірет өлі балық // Жатыр Бұқпа толқыны жарға ұрынбай, Зар кешіп запы болған зарлығымды-ай! Қалаға тап-таза боп енген бұл да // Менің дәл он бес жасар тағдырымдай [7, 75 б.].

Бұқпа өзенінің қала іргесімен ағып жатқандағы мүшкіл жағдайы «толқи алмай, ыңырсып, ыңыранып», «жатыр Бұқпа көктемде көсілместен», «тас қаланың бауырына бұғып алып», «толқынымен толқыны табыса алмай», «жатыр Бұқпа лайланып, жаны ышқынып», «жатыр Бұқпа тағдырға көніп, арып», «өкпесін өркениет тоңы қарып» жолдары арқылы бейнеленген.

Далада еркін көсіліп ағуға тиіс өзен қалаға келіп «өркениет тоңына өкпесін қарыған». Тас қалада көсіле алмай, толқындары бір-біріне қосыла алмай, лайланып, ышқынып, бұғып, тағдырға көніп ағып жатыр.

Танакөз Толқынқызы поэзиясында қала бейнесі қатыгез жан кейпінде суреттеледі де ауыл мен қала концепті бірнеше фрейммен танылады. Мысалы, қала – қатыгез: Ырылдастым көк бетпен, қара бетпен, // Қатыгез боп кеткенсің, қала, неткен. Қала адамдарының бір-біріне суық, тасбауыр болатындығын, адамдарда жаттанудың белең алып бара жатқан-

дығын айтқысы келген. Ақын Танакөздің «Саяжайды саялар тоңған елес» өлеңінде лирикалық кейіпкердің қалаға деген қарым-қатынасы сөз болады.

Маған қолын бұлғайды арай ғана,
Мені тастап кетсең кет, қарайлама.
Зор қалаға сыймаған көкірекпен
Тар молада жатамын қалай ғана [8, 62 б.].

Қала мен мола бір-біріне қарама-қарсы өлім мен өмір мағынасында алынған. «Зор», «тар» эпитеттері антитеза болумен өмір мен өлімді сипаттайды. Лирикалық кейіпкер мінезін көреміз. Оның болмысы «зор қалаға» сыймауынан танылады. Басқаша айтсақ, қаладағы өмірден, мына қоғамнан орын таба алмау, рухани үйлесімсіздік дертін көреміз. Лирикалық кейіпкерден әйел адамның табиғатына тән мінезді көреміз. Қала адамдарының бір-біріне суық, тасбауыр болатындығын, адамдарда жаттанудың белең алып бара жатқандығын айтқысы келген. Құралай Омардың «Миды жаншып, ой салмақтап еңсеге» өлеңінде де лирикалық кейіпкердің қаладағы тіршілігі суреттеледі, сол арқылы ауылға деген сағынышы беріледі. Бұл өлеңдегі лирикалық кейіпкер қалаға күнкөріс үшін жіпсіз байланған. Сұр тас төселген сұр қаладағы өмір де сұп-сұр боп көрінеді. Қаладағы өмір кешке дейін жұмыста қамалып отыруға мәжбүр етеді. Рахат Әбдірахмановтың «Ауылға барып қайтатылық» өлеңінде даланың дархан төрі мен қаланың тар алаң тас көшесі салыстырылған.

Сонымен, талданған көркем мәтіндерде ауыл сөзінің мынадай мағыналарда қолданылғаны байқалады: ауыл-ана, ауыл-қонақжайлылық, ауыл – кең дала, құла дүз, ауыл-туған жер, ауыл-жайлау, жайлаудағы жусан, бұлақ, сағым т.б. Бұл лексикалық бірліктердің әрқайсысының ассоциативтік өрістеріне кіретін басқа да сөздер контекст арқылы өзектеніп, тұтас ауыл концептісінің түрлі фреймдерін қамтиды. «Ауыл» концептісіне «қала» концептісі қарама-қарсы қойылған. Қазақ көркем мәтіндерінде «қала» концептісінің когнитивтік моделі былайша көрініс тапқан: қала – астана; қала – суық; қала – қапас; қала – келін. Байқап отырғанымыздай, контраст концептілердің сыртқы құрылымы түрлі тілдік бірліктермен берілген, яғни олардың қатарында этнолексика (қоныс, жайлау, жерошак, құлын-қала), дәстүрлі қолданыстар (Жаз жайлау, күзгі күзек, қысқы тебін, дулы нөпір, шулы аламан), троптар (Қала қалжың айтады, түрлі-түсті киімдердің көшкіні, қызыл көзін қылмындатып көшелер, Және адамдар өзіне-өзі тығылған, Және шамдар – жеңілтектеу құбылған, Сымтемірден қайыр сұрап қала тұр), трансформацияға түскен фразеологизмдер (сең соққан қала), соны метафоралар (қажып біткен қаланы, бетон табыт қала, тар қапас, тас қала, күмәнді қала), қарапайым лексика (даңғаза, жынды, сайқал, жәлеп, Дәтіңе дәретін сындырар қала тірлігі), жағымды-жағымсыз коннотациясы айқын сөздер кездеседі. Қорыта айтқанда, поэзия мәтіндерінде «дала/қала» контраст концептісі ұлттың ментальді дүниесін ақындардың жеке тұлғалық әлем түйсінуімен қабыстыруы нәтижесінде объективтеніп, олардың сезімдік-көркем танымын көрсетеді, концепті құрылымын кеңейтіп, байытады.

